











| | |
|--------------------------------|---|
| Байқау аталымы | «АКТ-ны қорытынды аттестаттау немесе ҰБТ-ға дайындықта қолдану» аталымы |
| Байқауға қатысушы | Асаинова Шынар Бәкібайқызы Павлодар қаласы, «Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебі» ММ |
| Сабақ | Сыныптан тыс сабақ: консультация сабағы (60 минутқа есептелген) . |
| Тақырыбы | Физикалық география (бастапқы курс) 01. «Кіріспе. Жер – Күн жүйесінің ғаламшары». «План және карта» бөлімдері |
| Мақсаты | Білім алушылардың байқау тестілеуінің нәтижесі бойынша анықталған «Физикалық география» курсының «төмен меңгерген» тақырыптарын толық меңгеруге жағдай жасау. |
| Күтілетін нәтиже | 1) Байқау тестілеуінің нәтижесін сараптайды; 2) Физикалық география курсынан «төмен» меңгерген тақырыптарын анықтайды; 3) «Төмен» меңгерген тақырыптар бойынша тақырыптық қайталау жүргізіледі: – білім беру/алу: мұғалім дәріс түрінде түсіндіреді, оқушылар тақырыптарды өздігінен оқиды; – білімді тәжірибеде қолдану: оқыған тақырыптары бойынша тәжірибелік жұмыстар орындайды; – білімді бекіту: қайталау тақырыбы бойынша тест орындау; 4) Қайталау тақырыбы бойынша орындаған тест нәтижесін талдайды; қатемен жұмыс жүргізеді (дәптерге қате орындаған тест сұрағы мен оның дұрыс жауабын жазады). |
| Оқыту формасы | Жеке-дара, жұппен, фронтальды |
| Оқытудың әдіс-тәсілдері | АКТ, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары |
| Ресурстар | itest.kz, bilimland.kz, twig-bilim.kz ресурстары |

Сабақтың барысы

| Іс-әрекет кезеңі | Уақыт (МИН.) | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Ресурс | Күтілетін нәтиже |
|----------------------|--------------|---|---|--|--|
| Мотивациялық кезең | 2 | Оқушыларға youtube.com ресурсынан «Бәрі өз қолыңда» атты тәмсілді көрсету. | – «Бәрі өз қолыңда» атты тәмсілді көреді; – Шынында да «бәрі өз қолдарыңда» (жақсы оқу, ҰБТ-ны ойдағыдай тапсыру т.с.с) екенін түсінеді. |  Тәмсіл. «Бәрі өз қолыңда» | Оқушылар жігерленеді, өздеріне деген сенімділік пайда болады, «бәрі өз қолдарыңда» екенін түсінеді. |
| Диагностикалық кезең | 5 | Алынған тест (itest.kz: тест сұрақтары, 1-2 нұсқа) бойынша оқушылардың «төмен» меңгерген тақырыптарын талдайды. | Әр оқушы жеке-дара тексерілген тест нұсқалары бойынша «төмен» меңгерген тақырыптарын анықтайды, белгілейді. |  itest.kz (тест сұрақтары: 1-2 нұсқа) | Талдау негізінде сабақтың тұжырымдамалық негізі анықталады; курстың қай тақырыптарын қайталау керегі нақтыланады. |

| | | | | | |
|--------------------|----|---|---|--|--|
| Операциялық кезең | 15 | <p>а) 6-сыныптың қай тақырыптарын қайталау керегін айтады: – <i>Кіріспе. Жер – Күн жүйесінің ғаламшары.</i> – <i>План және карта.</i></p> <p>ә) Жалпы курс материалдарына шолу жасайды, түсіндіреді;</p> <p>б) Тақырыпты қайталау үшін ресурстарды пайдалану туралы бағыт-бағдар береді.</p> | <p>а) Әр оқушы өзі үшін 6-сыныптың қай тақырыбын қайталау керегін белгілейді;</p> <p>ә) Мұғалім айтқан мәліметтердің негізгісін дәптерлеріне жазып отырады;</p> <p>б) Жеке-дара 6-сынып тақырыптары бойынша берілген конспекттерді оқиды, жұппен талдайды.</p> |   <p>itest.kz (6-сынып тақырыптары: конспекттер)</p> | 6-сыныптың « <i>Кіріспе. Жер – Күн жүйесінің ғаламшары</i> », « <i>План және карта</i> » бөлімдерін қайталайды; дәптерлеріне тірек-жазба түсіреді. |
| Практикалық кезең | 5 | <p>Білімді тәжірибеде қолдануға тапсырмалар береді (оқыған тақырыптары бойынша практикалық жұмыстар орындайды).</p> <p>а) конспект соңындағы сұрақтарға жауап алу;</p> | <p>а) «Жер – Күн жүйесінің ғаламшары» бөлімінің соңында берілген 23 және «План және карта» тарауы бойынша 25 сұраққа жауап береді, жұппен бірін-бірі тексереді;</p> |   <p>itest.kz (6-сынып конспект бойынша сұрақтары)</p> | Білімді тәжірибеде қолдануға үйренеді. Берілген уақыт шегінде жұппен бірін-бірі тексереді. |
| | 5 | <p>ә) bilimland.kz ресурсындағы География курсының «Географиялық карта» тақырыбынан тапсырмалар орындату</p> | <p>ә) bilimland.kz ресурсындағы №2585 карта түрлеріне арналған тапсырмаларды орындайды;</p> |  <p>bilimland.kz ресурсындағы №2585 карта түрлері</p> | Алған білімдерін жаңа жағдайда қолдануға дағдыланады. |
| | 10 | <p>б) білімді бекіту мақсатында қайталау бөлімдері бойынша тест орындату</p> | <p>б) «Жер – Күн жүйесінің ғаламшары», План және карта» бөлімдері бойынша тест орындайды</p> |   <p>itest.kz (6-сынып тақырыптық тест)</p> | «Жер – Күн жүйесінің ғаламшары», «План және карта» бөлімдері бойынша білімдерін бекітеді. |
| Рефлексиялық кезең | 5 | <p>а) Тест нәтижесі бойынша қатемен жұмыс орындату</p> | <p>а) Дәптерге қате орындаған тест сұрағы мен оның дұрыс жауабын жазады</p> |   <p>itest.kz (6-сынып тақырыптық тест)</p> | Дұрыс жауабын және жіберген қателіктерін көреді. Қатемен жұмыс жасауға дағдыланады. |

| | | | | | |
|---------------|---|---|--|--|--|
| | 5 | <p>ә) Кеңес сағаты бойынша кері байланыс жасату:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сәтті/тиімді; - сәтсіз/тиімсіз; - ұсыныс/пікір. | <p>ә) Төмендегі сұрақтар бойынша кері байланыс жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – сәтті/тиімді; – сәтсіз/тиімсіз; – ұсыныс/пікір. | | <p>Келесі кеңес сағатын сапалы жоспарлауға ой салады.</p> |
| Үйге тапсырма | 3 | <p>«Жер – Күн жүйесінің ғаламшары», «План және карта» бөлімдері бойынша қосымша білім алу көздерін ұсынады</p> | <p>«Жер – Күн жүйесінің ғаламшары», «План және карта» бөлімдері бойынша қосымша білім алу көздерін/ресурстарын жазып алады</p> |  <p>Видеотоптама – Оқытушы фильмдер – Әйгілі есімдер – Танымдық фильмдер</p> | <p>«Жер – Күн жүйесінің ғаламшары», «План және карта» бөлімдері бойынша қосымша мәлімет алады, алған білімдерін толықтырады.</p> |